5. Қоғам Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Қоғам Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

6. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

7. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың арасынан сайланады:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлануға (тағайындауға) ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

2) басқа адамдар (Жарғы осы бабының 8-тармағымен белгіленген шектеулер ескеріле отырып).

8. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылмаған (ұсыныс жасалмаған) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана (тағайындала) алады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аса алмайды.

9. Қоғамның Бас директорынан (Басқарма төрағасынан) басқа Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды.

10. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін) сайлау (тағайындау) туралы Жалғыз акционердің шешімінде сайланған (тағайындалған) Директорлар кеңесі мүшелерінен кім тәуелсіз директор екендігі көрсетілуі тиіс.

11. Қоғам Директорлар кеңесінің құрамына сайланған (тағайындалған) адамдар, егер Заңнамамен өзгеше көзделмесе, саны шектеусіз рет қайта сайлана алады.

12. Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.



Қоғам Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдауы кезіне аяқталады.

13. Қоғам Жалғыз акционері Қоғам Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

14. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда, кейінгінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесі өкілеттігінің аяқталу мерзімімен бір мезгілде аяқталады.

15. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен сайланады.

Қоғамның Жалғыз акционері Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

16. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғам Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғам Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттама жүргізілуін ұйымдастырады;
- 4) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі лауазымына тағайындау үшін кандидатураны ұсынады;
- 5) Қоғам атынан Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісімен жеке еңбек шартын жасасады;
- 6) Қоғамның Жалғыз акционерін Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері сыйақысының мөлшері және құрамы туралы жыл сайын хабардар етеді;
- 7) Заңнамамен және Жарғымен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

17. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

18. Қоғам Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша не мыналардың талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асырушы аудитор ұйым;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционері.

19. Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талабымен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.

20. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарламаны жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

Қатысатын отырыс өткізілетін жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыса алмайтын жағдайда, оның күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау жолдау арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме болуы тиіс.

21. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейне мәслихат (интерактивті дыбысты-бейнелі байланыс), мәслихат-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңес» тәртібінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдаланып қатыса алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қоғамның Басқармасына алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлау арқылы Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл орайда күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарлау мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлау арқылы пікір білдірген күн тәртібі;

- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын білдіріліген ұстаным;

- 4) қолы;

- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де деректер.

Директорлар кеңесінің мүшесі табыс еткен күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау көпшілік құрамды және дауыс беруді санау кезінде ескеріледі әрі отырыс хаттамасына тігіледі, онда Директорлар кеңесі осы мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау жолдау арқылы дауыс бергені туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлауды Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Директорлар кеңесінің хатшысына Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін табыс етуі тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлауды бұрын табыс еткен Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру қолданылатын Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

22. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін көпшілік құрам Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы санының кемінде жартысын құрайды. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны көрсетілген көпшілік құрамға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Қоғам Жалғыз акционерінің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына осындай мәселені шығару туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

23. Директорлар кеңесі әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңымен өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болады.

24. Жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер тәуелсіз директорлардан басқа Директорлар кеңесінің барлық мүшесі ондай мәміленің жасалуына мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

25. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

26. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша оның шешімдері Директорлар кеңесі төрағасының қалауымен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл орайда отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады, олар Директорлар кеңесінің отырысын өткізу хабарламамен бірге жіберіледі.

27. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді Директорлар кеңесінің хатшысына беретін күн;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;

5) өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер жолданған ретте Директорлар кеңесінің хатшысы олардың дұрыс және бірыңғай толтырылғанын өзінің қолымен куәландырады.

28. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдер кворумы болған ретте қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесі сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасы қол қоюға әрі ол мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) шешім қабылдау үшін кворумның болғаны/болмағаны туралы жазба;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;

7) өзге де мәліметтер.

Шешім ресімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеліп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануға тиіс.

29. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалуға және оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және ол мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;



7) Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлау жолдау арқылы дауыс бергені туралы жазба (ондай жазбаша хабарлау болған ретте);

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

30. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғам уәкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғам мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

31. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыным дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған жағдайда, Директорлар кеңесінің мына мәселелер бойынша комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеуі үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Бас директор (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру мен олардың жұмысының тәртібі, сондай-ақ олардың сан құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

## **12-БАП. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ**

1. Қоғам басқармасы ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

2. Басқарма Заңнамамен әрі Жарғымен басқа органдар және лауазымды адамдар құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын ескере отырып, Қоғамның, оның филиалдарының және өкілдіктерінің құрылымын және штат кестесін бекітеді, сондай-ақ Қоғам филиалдарының және өкілдіктерінің штат санын бекітеді;

2) Қоғамның барлық қызметкері орындауы үшін міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады және тапсырма береді;

3) акцияларды орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің, өзінің еншілес ұйымдарының және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

5) Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Жарғының 11-бабы 3-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген құжаттар тізбесіне кірмейтін құжаттарды бекітеді;



7) Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы белгіленген тәртіпте шешім қабылдайды;

8) Қоғамның басқа заңды ұйымдар, соның ішінде Қоғам акционері (қатысушысы) болатын заңды ұйымдар жарғылық капиталында акцияларының (қатысу үлесінің) он пайызына дейінін сатып алуы туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ олардың қызметі (орналастырылмаған акциялар түрін өзгерту, жарияланған акциялар санын, жарғылық капиталды көбейту) мәселелері бойынша, соның ішінде олардағы акцияларды (қатысу үлесін), Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, бөлектеу мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

9) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік капиталы мөлшерінің бестен бастап он пайызына дейін құрайтын сомаға көбейту туралы шешім қабылдайды;

10) шешім қабылдау Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала мақұлдайды;

11) Қоғам Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Қоғам өзінің Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

3. Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері және оның акционерлері емес қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Бас директордың (Басқарма төрағасының) басқа заңды тұлға атқарушы органы басшысының не атқарушы орган міндеттерін жеке-дара жүзеге асырушы адамының қызметін алуға құқығы жоқ.

Басқарма мүшесінің қызметі, құқықтары мен міндеттері Заңнамамен, Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ көрсетілген адам мен Қоғам арасында жасалатын жеке еңбек шартымен айқындалады. Бас директормен (Басқарма төрағасымен) жеке еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жеке еңбек шартына Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) қол қояды.

4. Қоғам Басқармасы мүшелерінің саны кемінде бес адам болуға тиіс.

5. Қоғам Басқармасы, әдетте, айына кемінде бір рет жиналады. Егер Басқарма отырысына Басқарманың сайланған (тағайындалған) мүшелері санынан кемінде жартысы қатысса, ол шешімдер қабылдауға құқылы.

6. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Басқарма шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) дауыс берген шешім қабылданады.

7. Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы):

1) Қоғамның Басқармасын басқарады;

2) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Қоғамның үшінші тұлғалармен қатынастарында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

5) Қоғам қызметкерлерін ("Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Жарғымен белгіленген жағдайларды қоспағанда)

қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар тағайындайды, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары және айлықақыларына дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, Қоғам Басқармасының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлық мөлшерін айқындайды;

6) Жалғыз акционермен келісіммен Жалғыз акционер белгілеген номенклатура бойынша Қоғамның басшы қызметкерлерін тағайындайды;

7) Қоғам жұмысының режимін белгілейді;

8) Қоғам жұмыстарының – ағымдық әрі келешек жоспарларының және бағдарламаларының әзірленуін және орындалуын қамтамасыз етеді;

9) Қоғам атынан шарттар (келісім-шарттар, келісімдер) жасайды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік капиталы мөлшерінің бес пайызына дейінгі сомаға көбейту туралы шешім қабылдайды;

11) Қоғамның банк және басқа да шоттарын ашады;

12) құзыретінің шегінде Қоғам бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

13) Қоғам оларда Жалғыз акционер (не барлық дауыс беретін акциясы Қоғамға тиесілі) немесе қатысушы болатын басқа заңды тұлғалар акционерлері жалпы жиналысының немесе қатысушыларының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Басқарма отырыстарын шақырады және қарауға қажетті материалдарды ұсынады;

15) Жалғыз акционердің алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапты болады;

16) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

17) Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауаптылық аясын бөледі;

18) Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын міндеттерді орындау үшін қажетті Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты барлық қалған мәселе бойынша шешімдер қабылдайды.

### **13-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметі осы мақсат үшін Қоғамның бүкіл ақпаратына және құжаттамасына Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте сөзсіз қол жеткізу құқығына ие.

Ішкі аудит қызметі үш қызметкерден тұрады.

2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына сайлана (тағайындала) алмайды.

3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

4. Ішкі аудит қызметінің жетекшісі Қоғам Директорлар кеңесінің мұның қызметі мәселелерін қарайтын отырыстарына қатысуға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қарауына Ішкі аудит қызметінің қызметкері лауазымына тағайындау үшін кандидатуралар бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

## **14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ**

1. Қоғамның лауазымды адамдары (Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды әрі Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны Жарғыға және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдеріне қайшы, сондай-ақ өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің қосылмалы тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Заңнама талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға, соның ішінде Қоғамда жұмысын доғарған кезден бастап үш жыл бойы сақтауға міндетті.

2. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін Қоғамның және Жалғыз акционердің алдында Заңнамаға сәйкес жауапты болады, соның ішінде мыналардың нәтижесінде:

1) шатастыратын ақпарат немесе көрнеу жалған ақпарат беру;

2) “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу.

3. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде лауазымды адам үстінен оның Қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеуі туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

4. Қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғам органы қабылдаған Қоғамды не Жалғыз акционерді залалға ұшыратқан шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауаптылықтан босатылады.

## **15-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ**

1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

2. Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті Қоғамның Басқармасы жыл сайын Жалғыз акционерге оны талқылау және бекіту үшін табыс етеді. Басқарма Жалғыз акционерге қаржылық есептілігінен басқа аудиторлық есепті табыс етеді.

3. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және жинақталған қаржылық есептілігін Қоғамның Директорлар кеңесі оларды Жалғыз акционердің қарауына енгізу күніне дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және жинақталған қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

4. Қоғам бухгалтерлік теңгерімді, капиталдағы барлық өзгерісті көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және кірістер мен шығыстар туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын уәкілетті орган белгілеген мерзімде жариялап отыруға міндетті. Қоғам өзге де қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

5. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.



6. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл орайда Жалғыз акционер аудитор ұйымды өздігінше белгілеуге құқылы. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда Қоғам аудитор ұйым сұрайтын барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

7. Егер Қоғамның Басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

## **16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

1. Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Қоғам Жалғыз акционердің назарына “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабына сәйкес жеткізуге міндетті.

Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру туралы Жалғыз акционердің жазбаша талабын Қоғам, егер Жалғыз акционер өзгеше белгілемесе, осындай талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындауға тиіс.

2. Жалғыз акционердің жазбаша талап етуі бойынша Қоғам “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабымен көзделген құжаттардың көшірмесін, Жарғының 2-бабының 2-тармағымен көзделген жағдайды қоспағанда, осындай талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беруге тиіс.

Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төлем мөлшерін Қоғам Басқармасы белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды Жалғыз акционерге жеткізіп берумен байланысты шығыстар төлемінен аса алмайды.

3. Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпарат Жалғыз акционерге қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты белгілеген шектеулер ескеріле отырып, беріледі.

Қоғам бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, олардың айналымы мен айырбасталуы жекелеген мәселелерін реттеуші, қызметтік, коммерциялық немесе Заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын апарат бар құжаттар Жалғыз акционерге танысуға оның талап етуі бойынша берілуі тиіс.

4. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат иесі қызметкерлер тізімі міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

5. Қоғам өзінің қосылма тұлғалары берген мәліметтер негізінде олардың есебін жүргізеді.

Қоғам қосылма тұлғалар тізімін уәкілетті органға белгіленген тәртіпте береді.

6. Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды адамдары Қоғамның Бас директорына (Басқарма төрағасына) Жарғы бекітілген күннен бастап отыз күн ішінде өздерінің қосылма тұлғалары туралы, сондай-ақ қосылмалылық пайда болуына қарай ол пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде ақпарат береді.

Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды адамы бұрын қосылма ретінде көрсеткен тұлға ондай болуын тоқтатқан жағдайда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды адамы Қоғамның Бас директорына (Басқарма төрағасына) қосылмалылық тоқтатылған күннен бастап бес күн ішінде бұл туралы ақпарат береді.

Қосылма тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның Бас директорына (Басқарма төрағасына) уәкілетті орган белгілеген нысанда беріледі.

7. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты Қоғамның топтық веб-сайтында ([www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz)) және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына және уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесіміне сәйкес айқындалған мерзімді баспа басылымында жариялайды. Қоғам қызметі



туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын мерзімді баспа басылымы туралы ақпарат тиісті шарт жасасылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қоғамның топтық веб-сайтында (www.kaztransoil.kz) орналастырылады.

8. Осы баппен белгіленген міндеттердің тиісінше орындалуы үшін Қоғамның Басқармасы жауапты болады.

### **17-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ**

1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғам бөлу немесе бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастырылған ретте Қоғамның кредиторлары Қоғам борышкер болған міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

3. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда, Қоғам өз қызметін тоқтатады, оның акциялары шығарылымының Заңнамамен белгіленген тәртіпте күші жойылуға тиіс.

### **18-БАП. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ**

1. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды, ол кредиторлармен келісім бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін Заңнамаға сәйкес айқындайды.

2. Заңнамамен көзделген жағдайларда Қоғамды мәжбүрлеп таратуды сот жүзеге асырады.

Егер Заңнамамен өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар сотқа Қоғамды тарату туралы талапты қоюы мүмкін.

3. Соттың немесе Қоғам Жалғыз акционерінің Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Заңнамамен айқындалған іс-әрекеттерді жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

Ерікті түрде таратылған ретте тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Қоғам Жалғыз акционерінің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуге тиіс.

4. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Заңнамамен реттеледі.

5. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Заңнамамен белгіленген тәртіпте күшін жоюға жатады.

6. Кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған Қоғам мүлкі Қоғамның Жалғыз акционеріне беріледі.

### **19-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Егер Жарғының әлдебір ережесі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсерін тигізбейді. Жарамсыз ереже Заңнама талаптарына жауап беретін басқасымен ауыстырылады.

2. Жарғы ол әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**Б. Толымбаев**

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Астана қаласының Әділет  
департаменті

Заңды тұлғаға мемлекеттік  
қайта тіркеу жүргізілді  
2008 жыл 08.15.08  
Күәлік № 6636-1801-81  
Алғашқы тіркелген күні 1997 жыл 14.05

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
20 08 ж. қ. 15 08 жүргізілді  
БСН 87054 0000/04  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 1997 жыл 14.05

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2008 жылғы 19 тамыздағы  
шешіміне қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2008 жылғы 19 тамыздағы  
шешімімен бекітілген



**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы жарғысына  
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. 3-бап 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«6) Қоғам қызметкерлерінің кәсіби даярлығын, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;».
2. 8-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында топтық басқару саласындағы құжаттарды орындауды және кеңес беруді жүзеге асырушы орган – Ішкі аудит қызметі.».
3. 9-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«3-1) атқарылған жұмыс туралы Қоғамның жылдық есебі және Директорлар кеңесінің жылдық есебі;».
4. 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«10-1) атқарылған жұмыс туралы Қоғамның жылдық есебін және Директорлар кеңесінің жылдық есебін бекіту;».
5. 11-бапта:
  - 1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші азатжолдармен толықтырылсын:  
«Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырғаны үшін Жалғыз акционер алдында жауапты болады.  
Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге жыл қорытындысы бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті Директорлар кеңесі туралы ережемен көзделген тәртіпте ұсынады.»;
  - 2) 3-тармақта:
  - 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«3) Қоғамның Жарғысына немесе оның жаңа редакциясына, сондай-ақ Қоғамның топтық басқару кодексін, оған енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды мақұлдау;»;
  - 5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін, Қоғамның жинақталған қаржы есептілігін және жылдық есептілігін алдын ала бекіту, Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде жыл үшін дивиденд мөлшері туралы ұсыныс беру;»;

«11-1) топтық хатшыны тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару, сондай-ақ топтық хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы беру ережесін айқындау;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ акцияларының (жарғылық капиталдарына қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамның меншігінде тұрған заңды тұлғалар қызметінің мәселелері бойынша, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 36-бабының 1-тармағында, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 43-бабының 2-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша және акцияларының (жарғылық капиталдарына қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамның меншігінде тұрған заңды тұлғалар жарғыларына сәйкес акционердің/қатысушының немесе жалғыз акционердің/қатысушының құзыретіне жатқызылған барлық өзге мәселе бойынша шешімдер қабылдау;»;

3) 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жеке тұлға ғана Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Мынадай тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне сайлана алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) өтелмеген соттылығы бар не заңмен белгіленген тәртіпте соттылығы алынбаған;

3) белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңге бұрын басқа заңды тұлға директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.»;

4) 16-тармақтың 5) тармақшасында «жеке» деген сөз алынып тасталсын;

5) 21-тармақта:

бірінші азатжол «Мұндай отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.» деген сөйлеммен толықтырылсын.

оныншы азатжолда «Директорлар кеңесінің хатшысына» деген сөздер «топтық хатшыға» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 22-тармақта:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін көпшілік құрам Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы санының кемінде жартысын құрайды және бейне мәслихат (интерактивті дыбысты-бейнелі байланыс), мәслихат-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңес» тәртібінде бір мезгілде сөйлесуі), өзге де байланыс құралдарының пайдаланылуы ескеріліп, сондай-ақ жоқ Директорлар кеңесінің мүшелері ескеріліп (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған ретте) анықталады.»;

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

«Осы бап 3-тармағының 1), 4) – 9), 10), 11), 16), 20) және 23) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін көпшілік құрам Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл орайда Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың басым көпшілігі қатысуға тиіс.»;

7) 27, 28, 29 және 30-тармақтарда «Директорлар кеңесінің хатшысына», «Директорлар кеңесінің хатшысы» деген сөздер «топтық хатшыға», «топтық хатшы» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 30-тармақтың екінші азатжолында «Қоғам уәкілетті қызметкерінің» деген сөздер «топтық хатшының» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 12-бапта:

1) 2-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қоғамның басқа заңды ұйымдар, соның ішінде Қоғам акционері (қатысушысы) болатын заңды ұйымдар жарғылық капиталында акцияларының (қатысу үлестерінің) он пайызына дейінін сатып алуы туралы, сондай-ақ олардың олардағы акцияларды (қатысу үлестерін), Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, бөлектеу мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;»;

мынадай мазмұндағы 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-1) Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің шешімдерінің, Қоғамның қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асырған аудитор ұйымның ұсынымдарының, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

10-2) Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз әрекеттер тудырушы себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;»;

2) 3-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

«Бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын доғарылған және Директорлар кеңесі жаңа Басқарма мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда, жаңа мүшенің өкілеттігі тұтас алғанда Басқарма өкілеттігінің мерзімі аяқталуымен бірізгілікте аяқталады.»;

төртінші азатжолда «жеке» деген сөз алынып тасталсын, «жеке еңбек шартына» деген сөздер «еңбек шартына» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-тармақта:

2) тармақшада «және Директорлар кеңесі» деген сөздер «, Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақша алынып тасталсын;

15) тармақшада «Жалғыз» деген сөздің алдынан «Директорлар кеңесінің және» деген сөздермен толықтырылсын.

7. 13-бап 1-тармағының бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, топтық басқару саласындағы құжаттардың орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіру мақсаттарында кеңес беруді жүзеге асыру Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметі осы мақсаттар үшін Қоғамның бүкіл ақпаратына және құжаттамасына Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте сөзсіз қол жеткізу құқығына ие.».

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**Н. Шманов**



«03» сентября 2008 года я, Малахов Михаил Федорович, нотариус нотариального округа города Астана /Государственная лицензия № 0000001 выдана 25 апреля 1998 года Министерством юстиции Республики Казахстан/, свидетельствую подлинность подписи Генерального директора (председатель Правления) Акционерного общества «КазТрансОйл» гр. Шманова Нуртаса Нурибековича, которая сделана в моем присутствии. Личность его установлена, дееспособность, а также полномочия проверены. С выездом по адресу: Республика Казахстан, город Астана, пр. Кабанбай батыра, 20, время 10 ч. 30 мин.



Зарегистрировано в реестре № В-252  
Услуги нотариуса оплачены

Нотариус *ММММ*



03 СЕН 2008  
шесть листов удостоверенного документа  
Нотариус Малахов М.Ф.  
(лицензия № 0000001 от 25.04.1998 г. МЮРК)

Пронумеровано и прошнуровано

Қазақстан Республикасы  
әділет министрлігі  
Астана қаласының әділет  
департаменті  
Барлық нөмірленгені, тігілгені  
2008 жыл 03 09

69 16 03  
970540000107  
1997 11.05



«ҚазТрансОйл» АҚ Жалғыз акционерінің  
шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар  
кеңесінің 2009 жылғы «18» ақпандағы  
отырысының № 2/2009 хаттамасы) бекітілген

### «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. 1-баптың 3-тармағында «20-үй» деген сөздер «19-үй» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 3-баптың 2-тармағында:

1) 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мұнайды және мұнай өнімдерін магистральды құбырлармен тасымалдау (айдау, ауыстырып құю, қотару, құю, сақтау, араластыру) жөніндегі қызметтерді көрсету;»;

2) 11) тармақшада «көлік экспедициясы қызметтерін қоса алғанда,» деген сөздер алынып тасталсын, тармақша «(бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет)» деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2), 11-3) және 11-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін таратушы құбырлармен табиғи газ тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;

11-2) электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;

11-3) жылу энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;

11-4) магистральды құбырмен су беру жөніндегі қызметтерді көрсету;».

3. 8-баптың 4) тармақшасы.

4. 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңнамамен және Жарғымен акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер Заңнамамен және өзінің жарғысымен белгіленген тәртіпте қабылдайды.».

5. 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) Қоғам акцияларын ерікті делистингтеу туралы шешім қабылдау;».

6. 11-бапта:

1) 3-тармақта:

1) тармақша «, сондай-ақ Қоғамның Жарғы 3-бабының 2-тармағы 1) – 13) тармақшаларымен көзделмеген қызметтерді жүзеге асыруы туралы шешімдер қабылдау» деген сөздермен толықтырылсын;

9) – 11) тармақшалар алынып тасталсын;

11-1) тармақша «хатшының» деген сөзден кейін «, топтық хатшы аппараты қызметкерлерінің» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-2) тармақшамен толықтырылсын:

*Handwritten signature*

«11-2) топтық хатшы аппаратын құру және тарату, оның штат санын және штат кестесін бекіту, топтық хатшы аппаратының қызметкерлерін тағайындауды және қызметтен босатуды келісу;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы шешімдер қабылдау;»;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) акцияларының (жарғылық капиталдарына қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғалар акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;»;

21) тармақшада «санын» деген сөзден кейін «және құрылымын» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

«24-1) еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдардың кандидатураларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын басшы қызметкерлері лауазымдарының тізбесін айқындау;»;

2) 6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

«Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың және Директорлар кеңесі мүшелерінің Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделерінде өз міндеттерін орындауы әрі бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, білігі, жеткен жетістіктері және іскери әрі сала ортада мінсіз беделі болуы тиіс.»;

3) мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Тәуелсіз директор болып «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәуелсіз талаптарына сәйкес келетін адам сайланады, сондай-ақ ол:

1) соңғы бес жылда Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері емес және болмаған;

2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сыйақыны қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алмайды және алмаған;

3) басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай қызметте бола отырып, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен айтарлықтай байланыста болмаған;

4) Жалғыз акционердің немесе мемлекеттік басқару органдарының өкілі болмаған;

5) тоғыз жылдан астам қатарынан Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі емес және болмаған.»;

4) 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қоғам Директорлар кеңесінің құрамына 6 жылдан астам қатарынан сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңалау қажеттігі ескеріліп, айрықша қаралуы тиіс. Бір адам Директорлар кеңесінің құрамына тоғыз жылдан астам қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам қатарынан сайлануға жол беріледі, бірақ бұл рете мұндай адамды Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын жүруге тиіс.»;

5) 16-тармақтың 4) және 5) тармақшалары алынып тасталсын;

6) 18-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

7) 22-тармақтың екінші азатжолында «4) – 9)» деген сандар «4) – 8) деген сандармен ауыстырылсын, «10), 11),» деген сандар алынып тасталсын;

8) 23-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші азатжолдармен толықтырылсын:

«Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібен даулауға құқылы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімді егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, Жалғыз акционер сотта даулауға құқылы.»;

9) 26-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

«Осы бап 3-тармағының 1), 4) – 8), 16), 20) және 23) тармақшаларымен айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру шешім қабылдана алмайды.»;

10) 28-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

«Сырттай дауыс беру бюллетеніне Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.»;

11) 31-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тағайындау;

3) сыйақы;

4) аудит;».

7. 12-бапта:

1) 2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын ескере отырып, Қоғам орталық аппаратының штат кестесін және құрылымын, топтық хатшы аппаратының штат кестесін бекітеді, сондай-ақ Қоғам филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің штат санын, штат кестесін және құрылымын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға қатысты акционердің (қатысушының) құқықтарын Қоғамның жүзеге асыру тәртібін айқындайды;»;

10-1) тармақшада «, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының» деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-3) және 10-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-3) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу мен қолдану үшін жауапты болады;

10-4) тәуекелдерді басқару туралы есептерді Директорлар кеңесіне белгіленген тәртіпте ұсынады;»;

2) 3-тармақта:

бірінші азатжол мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, білігі, іскерлік беделі болуы тиіс.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші азатжолдармен толықтырылсын:

«Бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Басқарма мүшесі Қоғам қызметкерімен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 54-бабымен көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен доғару Директорлар кеңесінің келісімімен жүзеге асырылады.

Басқарма мүшесі Қоғам қызметкерімен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 27-тарауымен көзделген негіздер бойынша қызметкердің бастамасымен доғару Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде, ал



Бас директормен (Басқарма төрағасымен) – Жалғыз акционердің шешімі негізінде жүзеге асырылады.»;

3) 6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

«Басқарма мүшесінің дауыс құқығын өзге адамға, соның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.»;

4) 7-тармақта:

5) тармақшасында «және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді» деген сөздер «құрамына кіретін қызметкерлерді, топтық хатшыны және топтық хатшы аппаратының қызметкерлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) Қоғамның Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционеріне мына есептерді белгілген тәртіпте ұсынады:

жартыжылдық – еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарды басқару туралы, еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерінің Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы;

жылдық – Қоғамның бизнес-жоспарының іске асырылуы туралы;».

8. 13-бап алынып тасталсын.

9. 16-бапта:

1) 1-тармақта:

бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:


«1. Қоғам Жалғыз акционердің сауалы бойынша Қоғамның қызметі туралы кез келген, оның ішінде Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын ақпаратты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабына сәйкес Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.»;

мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:

«Сотта топтық дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпаратты Қоғам Жалғыз акционерге топтық дау бойынша азаматтық іс жөнінде тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде беруге тиіс.»;

2) 3-тармақтың бірінші азатжолында «қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты белгілеген шектеулер ескеріле отырып,» деген сөздер «белгіленген тәртіпте» деген сөздермен ауыстырылсын.

Бас директор  
(Басқарма төрағасы)



Н. Сұлтан

«04» марта 2009 года я, Малахова Елена Владимировна, нотариус нотариального округа города Астана /Государственная лицензия № 0000633 выдана 27 октября 1999 года Министерством юстиции Республики Казахстан/, свидетельствую подлинность подписи Генерального директора (председатель Правления) Акционерного общества «КазТрансОйл» гр. Сұлтан Нұрбола Сарыбайұлы, которая сделана в моем присутствии. Личность его установлена, дееспособность, а также полномочия проверены. С выездом по адресу: Республика Казахстан, город Астана, пр. Кабанбай батыра, 20, время 16 ч. 30 мин.



Зарегистрировано в реестре № В-255-36  
Услуги нотариуса оплачены

Нотариус

*Малахова*

04 MAR 2009

Лицензия № 0000633 от 27.10.1999 г. МЮ РК

Пронумеровано и прошнуровано  
Восемь листов удостоверенного документа

Нотариус Малахова Е.В.

